Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Психологиялық көңіл-күй.** -Балалар, терезеден күн нұрын төгіп тұр екен. Күн көзінен қуат алып, бір – бірімізге ыстық лебіздерімізді арнайық. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды? **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Топқа Тазша бала келеді. Тәрбиешімен, балалармен амандасады. Тазша: - Балалар, елге көктем келді, Наурыз мерекесі жақындады.. Наурыз мерекесі туралы сендер не білесіңдер? Балалар Тазша балаға наурыз мерекесі туралы слайд көрсетейік. **АКТ технологиясы** «Наурыз» мейрамы. **Ой дамыту.** Наурыз-думан мерекесін бүкіл халық тойланады. Қазақ даласына жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңелеінкезі келді. Мал төлдеп, қозы-лақтар	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Миға шабуыл** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Шарты:** Киімдер туралы берілген жұмбақты шапшаң шеше білу 1.Адамның сәні 2.Бір нәрсе менен биік, Онсыз жоқ мәні Кейде менен аласа, (киім) Мұндай қызық дүниеде, Көріп пе едің тамаша (Бөрік) 3.Күні бойы сен оны, Екі аяқтап басасың, Жатар кезде өзіңнен Аулақтатып қоясың (етік) **Ой қозғау. Сұрақ қою.** -Айтыңдаршы,балалар қандай ұлттық киімдерді білесіңдер? -Суреттерді көрсетіп талдау,ұл бала мен қыз баланың киімдерін көрсету. Ұлттық киімдер туралы түсінік беру. **Шығармашылық жұмыс.** Балалрды таңдауы бойынша үш орталыққа бөлу. **Бірінші орталық**: Даиын қиындылардан саукеле жапсыру.	**Музыка. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықтарын ояту.** -Балалар, бүгін біз әженің үйіне қонаққа барамыз. Бізді ұзақ жол күтіп тұр, тез жету үшін өлең жолдарын тыңдайық. **Шаңырақ. Серік Әкірамұлы** Киіз үйге кіргенде, Бәрі басын иеді. Оның сыры білгенге, Шаңырақ қой киелі. Кереге, уық ғажап тым, Кестелі ою өң береді. Киіз үйі қазақтың, Жер шарындай дөңгелек. **Дид ойын: «Киіз үй»** Шарты: Үлгіге қарап қиынды суреттерден киіз үй құрастыру. **Сергіту сәті:** Дөңгеленіп тұрайық, Керегені қарайық Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. **Әженің үйіне келу.** Әжемен амандасу. -Балалар әженің үйінде қандай бағалы бұйымдар көп екен. Әже бағалы бұйымдарымен таныстырады. -Әже осының ішінде әдемі	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** Балалар бүгін топқа келсем үстел үстінде қорапша тұр. Қандай әдемі қорапша! Ос қорапшаның ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Олай болса ашып көрейік. Балалар не көріп тұрсыңдар? Түрлі-түсті асықтар. Қандай әдемі асықтар! Асық не екенін білеміз бе? **Ой дамыту.** **АҚТ технол** Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Үлкен малдың асығы үлкен болады, ал мына кішкентай асықтар қойдан, ешкіден алынады. **Сергіту сәті:** Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір, екі, үш, Иілеміз солға қарай бір, екі, үш **Дид ойын: «Кім тапқыр»** **Шарты:**Қорапшаның ішіндегі асықтардан тапсырма орындау.	**Қызығушылықтырын ояту.** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Сәбиге сәнді үй, Әжеге ән-күй**. (бесік)** Бесікке іледі, Әнінде, дәмінде, Сәбилер біледі.**(сылдырмақ)** **Ой дамыту** **Бесік туралы түсінік беру.** Сұрақ – жауап. -Бесік деген не? -Ол не үшін керек? -Оны неден жасаймыз? **Сөздік жұмыс:** Бесік, тербету, жұбату, бесікті аластау, бөпе, сылдырмақ т.б. **Өлең оқу.** **«Әлди, әлди ақ бөпем»** **«Әлди,әлди ақ бөпем»** Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Қонақ келсе, қой, бөпем, Қой тоқтысын сой, бөпем, Құйрығына той, бөпем **-Өлең не туралы айтылған?** **Ғажайып сәт.** **–** Айгүл қуыршақтың қонаққа бөпесін алып келуі.

	ойнап, табиғат оянатын кез. -Ата-бабамыз осы мереукені ауыл-ауылда тойлап, қазақтың ұлттық ойындары ойналады. Қазақтың кең дастарқаны жайылады. Қазақтың ұлттық киімдері киіледі. Алтыбақан, той-думан болады. Жеті тағамнан жасалатын наурыз көже пісіріледі. Міне, Наурыз мерекесінің ерекшелігі осылар. **Сергіту сәті.** Қара жорға биі **Наурыз көже**. Балаларға Наурыз көже туралы түсінік беру. Наурыз көже Наурыз мерекесінде дайындалатын негізгі тағам. **Дид ойын: «Атын ата»** **Шарты:** көжеге қосылатын тағамдарды атау. **Тазша:** - Балалар,рахмет сендер наурыз мерекесі туралы көп түсінік беріп жатырсыңдар. Тәрбиеші: Наурыз мерекесінің сәні ұлттық ойындар. Сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? **Балалар:** - «Бәйге», «Алтыбақан», «Арқан тартыс», «Қыз қуу», асық	**Екінші орталық** саукеленің суретін салады. **Үшінші орталық** мозаикамен саукеле жасайды. **Қорытынды.** Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау	болып көрініп тұрғаны сандық. Осы сандықты қайдан алғаныңызды, қалай жасалғанын айтып беріңізші. **Сандықпен таныстыру.** **Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс** тақтаға бірнеше қолөнер туындыларының суреттерін ілу. Балалар олардың аттарын атау. Мысалы: қоржын, сандық т.б. Бұларды қолөнер туындылары екенін түсіндіру. **Сергіту сәті:** Шеңбер болып тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңырақты құрайық **Дид ойын: «Көлеңкесін тап»** Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау. **Рефлекция** **Сұрақтар ілмегі** арқылы қорытындылау. -Сандықты неден жасайды? -Ол сандықты не үшін қолданамыз? -Үйлеріңде сандық бар ма?	**1-тапсырма.**. **Дид ойын: «Топтастыр»** **Шарты:** Асықтарды түсі бойынша жинау. **2-тапсырма. Дид ойын: «Қоржын»** **Шарты: Асық салатын қоржынға ою жапсыру.** **3-тапсырма.** Дид ойын: «Әдемі асықтар» Шарты: Асықтарды әр түске бояу. Балалардың жұмысын көрме ұйымдастыру Балаларды мадақтау. **Қорытынды** Сұрақ-жауап Балалар бүгін біз не туралы өттік? Асықты неден аламыз? Асықпен қандай ойындар ойнаймыз? **Тақпақ. Асығым.** Ал, ойналық, балалар, Әр асықта баға бар. Ұта білген баланы – Әрбір бала бағалар.шгн.,ге»»»әіуку+2 Балаларды мадақтау.	-Бесікке салу дәстүрін көрсету. –Өлең жолдарын бәрі бірге айтып бөпені ұйықтату. **Дид ойын: «Ерекшелігін тап»** **Шарты:** Наурыз мейрамының ерекшелік-терін суреттен топтау. **Шығармашылық бұрыш** Еркін тақырыпта **Қортынды** Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау. **Қазақ тілі. (жоспары бойынша)**

	ойындары, «Көкпар» т.б.. **Қимылды ойын: «Арқан тартыс».** **Қорытынды.** Балалар, Наурыз туралы көп біледі екенсіңдер. Тазша бала балаларға рахмет айтып қоштасады. Бүгін не туралы айттық? -Наурыз қандай мереке? -Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Балаларды мадақтау.		Балаларды мадақтау.		
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Картотека №16** **Бұталарды бақылау.**	**Картотека №17** **Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.**	**Картотека №18** **Құстардың ұшып келуін бақылау**	**Картотека №19** **Қараторғайларды бақылау.**	**Картотека №20** **Ұяларды бақылау.**
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскіас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№14. 1.Ояну** Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.	**№16 1.Ояну** Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар	**№15. 1.Ояну** Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	**№13. 1.Ояну** Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	**№ 12. 1. Ояну** Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, Кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дид «Нан дастарханға қалай келеді?»** **Мақсаты:** Балалар бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніне түсінеді. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуді біледі. (әлеумет саласы карт)	**«Біздің шаңырақ» Е.Өтетілеуов** Атамнан басталар Әжеммен қосталар Отбасым мынылар: Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар Бір туған ағам бар Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін еремін! **Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы» Ойын мақсаты: Балалар** үлкендерді сыйлауға, отбасы мүшелерін дұрыс атауды біледі.	**Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева** Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!	**Құстар туралы тақпақ Қарлығаш** Адамзаттың жақыны Қарлығаш та ақылды Көгершін мен екеуі Жайлайды бір шатырды **Торғай** Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды Құс өкпелеп кетеді Бақшамызға қонбайды. **қимылды ойын:«Ұшты-ұшты»** **Мақсаты:**балалардың ойлау қабілетін дамыту.	**Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз **Дидактикалық ойын:«Құлыпты аш»** Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.
Балалармен Жеке жұмыс	**Мақсатұлы Мейіржан** ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, өз ойын айту.	**Нүсіп Көркем** қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айту.	**Ануарбек Ақерке** сурет салуда ұқыптылық таныту, қауіпсіздікті сақтау.	**Пернебек Алихан** өзі құраған құрылысымен ойнау, ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинау.	**Нұрболған Мирас** сандарды 1-ден 5-ке дейін саусақ арқылы санату
Серуенгедайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека №16 Бұталарды бақылау.	Картотека №17 Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.	Картотека №18 Құстардың ұшып келуін бақылау	Картотека №19 Қараторғайларды бақылау.	Картотека №20 Ұяларды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ Қошақан

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 18.03 – 20.03.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Картотека № 2** **Дид ойын: «Жапырақты ажырат»** Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білу.	**Картотека № 4** **Дид ойын: «Затты сипаттау»** **Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы өз ойын айту.	**Картотека № 7** **Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»** Мақсаты: табиғат құбылыстарын ажырату.	
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан			
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**			
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер Достарым көп, білемін!	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Тақырыбы:** Анама бәрін арнаймын	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** **Өлең оқу.**	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой шақыру** **Дид ойын: «Ойлан тап»**	

	Осы кезде педагогтің телефоны шырылдап, педагог балаларға анасы хабарласып жатқанын айтып, тұтқаны алады. - Сәлеметсіз бе, анашым, халыңыз қалай? - Мен сізді қатты сағындым, жақын күндердебарып қалармын. - Бетіңізден сүйдім, сау болыңыз. **Ой қозғау.** - Балалар, сендердің аналарың қазір қастарында, ал сендер үлкен болып өскенде, оқу, білім, өнер қуып жан-жаққа кетесіңдер, сол кезде аналарыңмен жиі хабарласып тұрудыұмытпаңдар. Мен қазір анамды қатты сағынып жүрмін. Ол кісі ең мейірімді, ең сұлу, ең еңбекқорадам. Мен анамды қатты жақсы көремін. Ал сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме? - Не үшін жақсы көресіңдер? - Ол қандай адам? - Сендердің қандай істеріңе қатты ренжиді? - Ал қандай істеріңе керісінше қатты қуанады? - Сен анаңды жиі қуантасың ба? - Үй шаруасында аналарыңа қандай көмекбересіңдер? (Балалар өз аналары туралы әңгімелеп айтыпбереді.) **Дид ойын: «Анама арналған гүл»**	Көктем келді шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай! Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты. Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты. Алақай-ау, алақай! Көктем қандай, көктем қандай көрікті! **Ой қозғау** **Сұрақтар қою** -Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған? -Оны қандай белгілері арқылы білдіңдер? **Ой дамыту**. Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды. Табиғаттағы өзгерістер туралы толықтыру. Балаларға сұрақтар қою. - Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдер? Қазір қандай ай? - Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? (тырналар, қарлығаштар, қарғалар, сары шымшық) -Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады? (бәйшешек,қызғалдақ) - Көктемде қандай жұмыстар жасалады? (Көктемде ауланы, көшелерді тазартады, ағаштардың түбінің	**Жұмбақ жасыру.** Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай–салаға толады. Ағаш басы бүршік шашып, Гүл, бәйшешек толады. Бөбектерім, айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады? – деп ойлайсыңдар. Мағынасын түсіндіру. – Неге көктем мезгілі деп ойлаймыз? – Көктем мезгілінің қыс мезгілінен қандай ерекшелігі бар? **Бақылау.** -Далаға қарайық не көріп тұрсыңдар? -Қар бар ма? - Көктемде ағашта нелер пайда болады? **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Балаларды топқа бөлу **Топқа бөлу.** **1-Топ**. Кляксография әдісі арқылы сурет салады. **2-Топ.**Ағаштарға бүршік жапсырады. Балалардың жұмыстарын бақылау. Жеке көмек көрсету. **Дид ойын «Біздің көрме»** Көрме ұйымдастыру Балалардың жұмысын қорытындылау.	

	Шарты: Дайын салынған гүлді өздеріне ұнаған түспен бояу. **Ой дамыту.** **1-тапсырма.** **Дид ойын: «Көмекші»** **Шарты:** Үй шаруасында анаңа қандай көмеккөрсетесің? Суреттерден белгілеп көрсет жәнеайтып бер. **Дид ойын: «Дастарханды әсемде»** **Шарты:** Дастарханға керек заттарды жапсыру. **2-тапсырма.** **Анаң сені қалай еркелетеді?** Еркелеткенде неге теңейді, суреттердің ішінен тауып белгіле және айтып бер. – Балалар, аналарың сендерді қатты жақсыкөреді екен, оны мен сендерді еркелететін теңеулерден байқадым. Ал сендер аналарыңдықалай жақсы көресіңдер, оларды неге теңер едіңдер? **«Менің анам».** Сызба бойынша өзіңнің анаң туралы әңгіме құрастыр. **Дид ойын: «Сөйлемді аяқта».** Менің анам (қандай?)__ Анамның сырғасы ... Анамның сақинасы ... Анамның ыдыстары ... **Қорытынды** Балаларды мадақтау.	топырағын қопсытады, ағаштарды әктейді, құстарға ұя жасайды, ағаштар егеді) - Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік? **Слайд. Көктем мезгілі.** - Балалар осы суретімізге ат қояйықшы, қандай ат қойғыларың келеді? **Дид ойын: «Жер, су, ауа»** «Жер» десе, допты қағып алған бала бір үй жануарын немесе жабайы аңның аты айтады.. «Ауа» дегенде бір құс айтылуы тиіс. Ал «Су» дегенде суда жүзетін құстың, көліктің атын айтуы керек. **Шығармашылық бұрыш** **Дид ойын: «Көктем көрінісі»** **Шарты.** Көктем көрнісін бейнелеу. Балаларды топқа бөлу. **1-топ:** Көктем гүлдерін құрастыру. **2-топ:** Дайын көктемгі ағашқа саусақ арқылы бүршік салу. **3- топ:** Құстарға ұя жапсыру. **4-топ:** Ұяға жем мүсіндеу. Әр топ өз жұмысына сөйлем құрау. Мыс: Көктемде құстар ұшып келеді, мен оған қамқорлық жасаймын, сол үшін ұя жасадым. Көктемде ағаштар бүршік жарады, бүршіктен жапырақтар шығады. **Қорытынды.**	**Тақпақ** Бүршікшашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу **көктем** есігін ашып, Шуағын бізге шашады **Балаларды мадақтау.**	

		Балаларды мадақтау.		
Серуенгедайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	
	Көктем серуен картотекасынан			
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түск іас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгі ұйқы				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№9** 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	**№10**1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	**№11** 1. Ояну Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық	
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан			
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеуәрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	**Дидактикалық ойын**: «Сипаттап бер»кубизм әдісі) **Мақсаты:** Кубиктің жан-жанындағы үй жануарларының атын атап әңгімелеп беруге үйрету, тіл байлықтарың дамыту, сөздік қорларын молайту. **Сергіту сәті.** **Дидактикалық ойын: « Төлін тап»**	**Ғажайып сәт** Топқа қоян жүгіріп келіп жылайды. Ой, балалар, бүгін менің үйімді қасқыр бұзып тастады. Менің әдемі мынадай үйім бар еді (суреттін көрсетеді). Енді әдемі үйімнен тек қана мына бөлшектері ғана қалды, оларды құрастырмақшы болып едім түк шықпады маған	**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру** Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. **Ой дамыту:** Суретпен жұмыс Балалар өсімдіктер қайда өседі? Өсімдіктердің адам өміріндегі	

	Ойын шарты: Бір күні Хамит атай өрісте төрт түлік малын жайып жүр еді. Бір мезгілде күн бұлттанып жаңбыр жауады. Қатты жаңбырдың кесірінен төлдер өздерінің енелерінен ажырап калады, енді балалар барлығымыз Хамит атайға және төлдердің енелеріне қауышуға көмектесейік.	көмектесіңдерші? **2-топқа бөлу.** Дамыту орталығына шақыру. Үлгімен жұмыс балаларға үйдің құрылымымен таныстыру. **1-топ** конструктодан үй жасайды. **2-топ** құрылыс материалдарынан үй жасайды. **Өз бетінше жұмыс.** Қоян: -Ой, балалар мына үйлер менің үйімнен де әдемі болып шығыпты, маған қатты ұнады. Рахмет айтып қоштасады. жөндеуші Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.	маңызы қандай? Өсімдік өсу үшін не керек? Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек? **Топтарға бөлінеміз:** **1-Топ: Бөлме гүлі (** бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды). **2-Топ: Дала гүлі.** (Гүлдерді отырғызады.) **3-Топ: Бақша гүлі** Сөйлем құрау. **Балаларды мадақтау.**	
Балалармен Жеке жұмыс	**Айдар Еркежан** ұжымдық жұмыстарға қатысу және оларды қызығып жасау.	**Айдаруұлы Алихан** билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындау.	**Ерболат Аяла** көлік құралдарын атау, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді білу.	
Серуенгедайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау			
Серуен	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	
	Таңғы серуенді бекіту.			
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ Қошақан
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 26.03 – 29.03.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Сейсенбі**	**Сейсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	**Картотека № 2** **Дид ойын: «Жапырақты ажырат»** Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білу.	**Картотека № 4** **Дид ойын: «Затты сипаттау»** **Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы өз ойын айта алу.	**Картотека № 7** **Дид ойын: «Табиғат құбылыстарын ата»** Мақсаты: табиғат Құбылыстарын ажырату.	**Картотека № 9** **Дид ойын:«Бұл қандай құс?»** Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді, оларды ажырату.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан			
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**			
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнапғ бір жүрер Достарым көп, білемін!	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Тақырыбы:** Анама бәрін арнаймын **Осы кезде педагогтің телефоны шырылдап,** педагог балаларға анасы хабарласып жатқанын айтып, тұтқаны алады. - Сәлеметсіз бе, анашым, халыңыз қалай? - Мен сізді қатты сағындым, жақын күндерде барып қалармын. - Бетіңізден сүйдім, сау болыңыз. **Ой қозғау.** - Балалар, сендердің аналарың қазір қастарыңда, ал сендер үлкен болып өскенде, оқу, білім, өнер қуып жан-жаққа кетесіңдер, сол кезде аналарыңмен жиі хабарласып тұруды ұмытпаңдар. Мен қазір анамды қатты сағынып жүрмін. Ол кісі ең мейірімді, ең сұлу, ең еңбекқор адам. Мен анамды қатты жақсы көремін. Ал сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме? - Не үшін жақсы көресіңдер? - Ол қандай адам? - Сендердің қандай істеріңе қатты ренжиді? - Ал қандай істеріңе керісінше қатты қуанады? - Сен анаңды жиі қуантасың ба? - Үй шаруасында аналарыңа	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** **Өлең оқу.** Көктем келді шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алақай! Құстар сайрап, бақтар жайнап, гүл атты. Дала гүлге толыпты, Аққу көлге қоныпты. Алақай-ау, алақай! Көктем қандай, көктем қандай көрікті! **Ой қозғау** **Сұрақтар қою** -Өлеңде қай жыл мезгілі туралы айтылған? -Оны қандай белгілері арқылы білдіңдер? **Ой дамыту**. Балаларды терезе алдына шақырып, даладағы өзгерістер туралы әңгімелеулерін сұрайды. Табиғаттағы өзгерістер туралы толықтыру. Балаларға сұрақтар қою. - Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? - Көктем мезгілінде неше ай бар? Атап беріңдер? Қазір қандай ай? - Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді? (тырналар, қарлығаштар, қарғалар, сары шымшық) -Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады?	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой шақыру** **Дид ойын: «Ойлан тап»** **Жұмбақ жасыру.** Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай–салаға толады. Ағаш басы бүршік шашып, Гүл, бәйшешек толады. Бөбектерім, айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады? – деп ойлайсыңдар. Мағынасын түсіндіру. – Неге көктем мезгілі деп ойлаймыз? – Көктем мезгілінің қыс мезгілінен қандай ерекшелігі бар? **Бақылау.** -Далаға қарайық не көріп тұрсыңдар? -Қар бар ма? - Көктемде ағашта нелер пайда болады? **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Балаларды топқа бөлу **Топқа бөлу.** **1-Топ**. Кляксография әдісі арқылы сурет салады. **2-Топ.** Ағаштарға бүршік жапсырады. Балалардың жұмыстарын бақылау.	**Ой қозғау.** **Балалар қазір қандай мезгіл?** **Көктем** Көктем мезгілінде орман қандай болып жатқан көруге саяхатқа барғыларың келе ма? Саяхатқа немен бару керек екенін білу үшін, мына пішіндерден поезд құрастырып алайық. **Дид ойын: «Көңілді поезд»** **Шарты:** Пішіндерден поезд құрастыру. Әр түрлі түстер арқылы вагондарға (орындыққа) міну **Саяхат тәртібі.** Өзін ұстау ережелері -Ағаштардың бұтақтарын сындырма; -Гүлдерді жұлма; -Саңырауқұлақтарды баспа; - От жақпа; -Орманға жалғыз баруға болмаиды. -Жүгіруге болмайды. -Асығуға болмайды. **Баяу әуен ойнайды.** **Орманға да келдік** балар жан – жаққа назар аударайықшы табиғат қандай керемет, қазір көктем мезгілі. Балалар, қарандаршы мынау кірпінің ізі ғой. Балалар, қарандаршы мына жерде суреттер жатыр, сірә кірпі мына суреттерді бізге тығып кеткен болар. **Ой дамыту** **Суретпен жұмыс.**

	қандай көмек бересіңдер? (Балалар өз аналары туралы әңгімелеп айтып береді.) **Дид ойын: «Анама арналған гүл»** **Шарты:** Дайын салынған гүлді өздеріне ұнаған түспен бояу. **Ой дамыту.** **1-тапсырма.** **Дид ойын: «Көмекші»** **Шарты:** Үй шаруасында анаңа қандай көмек көрсетесің? Суреттерден белгілеп көрсет және айтып бер. **Дид ойын: «Дастарханды әсемде»** **Шарты:** Дастарханға керек заттарды жапсыру. **Дид ойын: «Мен де!»** Шарты: Педагог айтқан іске келіссе, балалар «Мен де!» – деп қосылып айтып отыру керек, ал келіспесе, «Жоқ» – деп наразылықтарын білдіруі қажет. П: Мен анамды жақсы көрем! Б: Мен де! П: Мен анама көмектесемін! Б: Мен де! П: Жұмыстан келгенде қарсы аламын. Б: Мен де! П: Ойыншығымды шашып тастаймын. Б: Жоқ! П: Киімімді жинап қоямын. Б: Мен де! П: Ыдыстарды жуып қоямын.	(бәйшешек,қызғалдақ) - Көктемде қандай жұмыстар жасалады? (Көктемде ауланы, көшелерді тазартады, ағаштардың түбінің топырағын қопсытады, ағаштарды әктейді, құстарға ұя жасайды, ағаштар егеді) - Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік? **Слайд. Көктем мезгілі.** - Балалар осы суретімізге ат қояйықшы, қандай ат қойғыларың келеді? **Дид ойын: «Жер, су, ауа»** «Жер» десе, допты қағып алған бала бір үй жануарын немесе жабайы аңның аты айтады.. «Ауа» дегенде бір құс айтылуы тиіс. Ал «Су» дегенде суда жүзетін құстың, көліктің атын айтуы керек. **Бақылау .** Даладан ағаш бұтақтарын алып келгенін көрсету. Балаларға мұқият қарауға ұсыныс тастау. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және даладағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер тұрғанын айту. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құйып күнделікті осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады. **Шығармашылық бұрыш** **Дид ойын: «Көктем көрнісі»** **Шарты.** Көктем көрнісін бейнелеу.	Жеке көмек көрсету. **Дид ойын «Біздің көрме»** Көрме ұйымдастыру Балалардың жұмысын қорытындылау. **Тақпақ** Бүршікшашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу **көктем** есігін ашып, Шуағын бізге шашады **Балаларды мадақтау.**	Тәрбиеші суреттерді тақтаға іліп әңгімелейді. **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. **Ой дамыту.** - Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардын барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді **Дид ойын: «Жалғасын тап»** Жансыз табиғат - .... Жанды табиғат - .... Жанды табиғат жансыз табиғатсыз .... (тіршілік ете алмайды) Балалар, бәріміз топқа қайтатын кез келді. Бір, екі, үш, төрт, бес, Аяқты басамыз тез тез... **Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам»** **Шарты:** Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзуға, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйм салынғанын суреттерден айырып жинау. **Дид ойын: «Ормандағы**

	Б: Мен де! П: Ініме мен қарамаймын, оны жылатамын. Б: Жоқ! Педагог осы тектес сөздерді тез-тез айтып, балаларды шатастыруға тырысады, балалар барынша мұқият болып, анасын ренжітетін іске келіспейді. **2-тапсырма.** **Анаң сені қалай еркелетеді?** Еркелеткенде неге теңейді, суреттердің ішінен тауып белгіле және айтып бер. – Балалар, аналарың сендерді қатты жақсы көреді екен, оны мен сендерді еркелететін теңеулерден байқадым. Ал сендер аналарыңды қалай жақсы көресіңдер, оларды неге теңер едіңдер? **«Менің анам».** Сызба бойынша өзіңнің анаң туралы әңгіме құрастыр. **Дид ойын: «Сөйлемді аяқта».** Менің анам (қандай?)__ Анамның сырғасы ... Анамның сақинасы ... Анамның ыдыстары ... Қортынды Балаларды мадақтау.	Балаларды топқа бөлу. **1-топ:** Көктем гүлдерін құрастыру. **2-топ:** Дайын көктемгі ағашқа саусақ арқылы бүршік салу. **3- топ:** Құстарға ұя жапсыру. **4-топ:** Ұяға жем мүсіндеу. Әр топ өз жұмысына сөйлем құрау. Мыс: Көктемде құстар ұшып келеді, мен оған қамқорлық жасаймын, сол үшін ұя жасадым. Көктемде ағаштар бүршік жарады, бүршіктен жапырақтар шығады. **Қорытынды.** Балаларды мадақтау.		**қанқызы»** **Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ қанқызының суретін салу.** Жұмыс ретімен таныстыру: -Денесін дөңгелек немесе жарты дөңгелек қылып саламыз. -Басын дөңгелектеп саламыз. -Басынан көз,мұрын,ауыз, мұртшаларының орнын белгілейміз**.** Үстіне саусақпен қара нүктелерін саламыз. **2-топ: Қанқызын мүсіндеу.** **Дид ойын: «Қанқызының достары»** Үлгі көрсету,түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. **Қортынды** Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс. Балаларды мадақтау. **Қазақ тілі.** **(жоспары бойынша)**
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.			
Серуен	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	**Картотека №20** Ұяларды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан			
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу			

	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.			
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау			
Күндізгі ұйқы				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№9** 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	**№10**1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	**№11** 1. Ояну Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық	**Жаттығу кешені №13.** Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан			
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын**: «Сипаттап бер»кубизм әдісі) **Мақсаты:** Кубиктің жан-жанындағы үй жануарларының атын атап әңгімелеп беруге үйрету, тіл байлықтарың дамыту, сөздік қорларын молайту. **Сергіту сәті.** **Дидактикалық ойын: « Төлін тап»** Ойын шарты: Бір күні Хамит атай өрісте төрт түлік малын жайып жүр еді. Бір мезгілде күн бұлттанып жаңбыр жауады. Қатты жаңбырдың кесірінен төлдер өздерінің енелерінен ажырап калады, енді балалар барлығымыз Хамит атайға және төлдердің енелеріне қауышуға көмектесейік.	**Ғажайып сәт** Топқа қоян жүгіріп келіп жылайды. Ой, балалар, бүгін менің үйімді қасқыр бұзып тастады. Менің әдемі мынадай үйім бар еді (суреттін көрсетеді). Енді әдемі үйімнен тек қана мына бөлшектері ғана қалды, оларды құрастырмақшы болып едім түк шықпады маған көмектесіңдерші? **2-топқа бөлу.** Дамыту орталығына шақыру. Үлгімен жұмыс балаларға үйдің құрылымымен таныстыру. **1-топ** конструктодан үй жасайды. **2-топ** құрылыс материалдарынан үй жасайды. **Өз бетінше жұмыс.** Қоян: -Ой, балалар мына үйлер менің	**Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру** Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. **Ой дамыту:** Суретпен жұмыс Балалар өсімдіктер қайда өседі? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Өсімдік өсу үшін не керек? Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек? **Топтарға бөлінеміз:** **1-Топ: Бөлме гүлі (** бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды). **2-Топ: Дала гүлі.** (Гүлдерді отырғызады.) **3-Топ: Бақша гүлі** Сөйлем құрау. **Балаларды мадақтау.**	**Дид ойын: «Кім жылдам?»** **Жұмбақ жасыру:** Аналарға сыйлайтын, Аралар бар жинайтын. Бұл немене, балалар, Үзуге адам қимайтын **Ой дамыту.** **АҚТ технологиясымен жұмыс.** (Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу). **Топқа бөліну** **1 – топ:** Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз, Көрсек гүлін жарғанын. **2 - ші топ:**Алғаш рет күркіреп, Ағыл – тегіл жауса күн. Қырға шығар дүркіреп, Көктем басы – жауқазын. **3 - ші топ:** Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Уф! – десем, бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. **Гүлдер**

		үйімнен де әдемі болып шығыпты, маған қатты ұнады. Рахмет айтып қоштасады. жөндеуші Сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылау.		Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, Қызыл гүлдер, көп гүлдер Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып
Балалармен Жеке жұмыс	**Либай Құралай** ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, өз ойын айту.	**Тлеухан Санжар** қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айту.	**Серғазы Нұркен** сурет салуда ұқыптылық таныту, қауіпсіздікті сақтау.	**Дауылбай Дарын** өзі құраған құрылысымен ойнау, ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинау.
	коммуникативтік дағдыларды дамыту			
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау			
Серуен	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	**Картотека №20** Ұяларды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.			
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ «Қошақан»

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 01.04 – 05.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	**Картотека № 3 «Суретші қай жерде қателесті?» Міндеті:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.	**Картотека № 5 Қайсысы қайда тіршілік етеді Міндеті:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.	**Картотека № 9 «Құстарға көмек береміз» Міндеті:** Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу.	**Картотека № 11 «Бұл қай мезгіл?» Міндеті:** күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.	**Картотека № 18 «Қайда не өседі?» Міндеті:** Заттардың арасында кеңістік байланыс-тарын қоя білу дағдыларын дамыту; өсімдіктерді өсетін жерлеріне байланысты топтастыру,белсенділік-терін және өздігінен ойлауқабілеттеріндамыту.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгіжаттығу	Сәуір айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**				
Таңғыас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Қонаққа барамыз»** Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар, Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ – тату дос, Бір – біріңе көмектес.	Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз.	**Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева** Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!	**Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»** Бір шаңырақ астында, Тату –тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз**.**	Шымыр, сергек денеміз, Спорт сүйер өренбіз! Біз биіктен самғаймыз, Қарсыластан қалмаймыз.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** **Миға шабуыл** **Жұмбақ жасыру.** **Жұмбақ жасыру:** Аналарға сыйлайтын, Аралар бар жинайтын. Бұл немене, балалар, Үзуге адам қимайтын **Ой дамыту.** **АҚТ технологиясымен жұмыс.** (Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу). Балалар, қандай гүлдерді білесіңдер? Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар? Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз? Гүлдерді тағы қандай мақсатта пайдаланамыз? **Сұрақ-жауап** Мына гүлге не жетіспейді? Толық бояуы жоқ. Қандай түстермен бояу керек? **Дид ойын: «Гүлді әсемде»** **Шарты:** Гүлді түсіне сай бояу арқылы толықтыру. **Ой қозғау.** **Гүл туралы ертегі тыңдағыларың келе ме?**	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Балалармен әңгімеесу** Қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінің ерекшеліктері қандай? **Ой дамыту.** **Менің сүйікті бұрышым.** Гүлдер туралы иллюстациялар қарау. Балалар,мына суретке қараңдаршы -Ненің суретін көріп тұрсыңдар? -Гүлдер нешеге бөлінеді? -Гүлдің қандай пайдасы бар? -Гүлдер адамдарға не сыйлайды? -Көктемде қандай гүлдер өседі? Гүлдерді қалай күту керек білесіңдер ме? -Гүлдер әдемі болып өсу үшін не керек? **Ой қозғау.** - Енді осы суреттер арқылы өлең құрастырайық Гүлдер,гүлдер шоқ гүлдер Қызыл гүлдер,көк гүлдер Бақшамызға сән бердің Суарайын мен сені **АКТ технологиясы.** Гүлдің құрлысымен	**Музыка. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой дамыту.** **АКТ технолоойиясы.** **Слайдпен жұмыс**. Өсімдіктер туралы түсінік беру. Табиғат бұрышына саяхат. **Практикалық жұмыс:** **Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз»** **Шарты:** Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасау жолдарын ретімен айту. **Сұрақтар ілмегі:** Сонымен балалар өсімдік жақсы өсу үшін қалай күту керек екен? Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? **Сергіту сәті:** Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен болып өседі **Дид ойын: «Ағашқа не керек?»** Шарты. Суреттерді ұсыну.(күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.). **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ:** -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады және жапырақтары жасылға	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой дамыту.** **АҚТ технологиясымен жұмыс.** (Слайд арқылы гүлдер туралы әңгімелеу). **Топқа бөліну** **Алдын ала жүргізілген жұмыс бойынша.** **1 – топ:** Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын. Мәз боламыз, күлеміз, Көрсек гүлін жарғанын. **2 - ші топ:** Алғаш рет күркіреп, Ағыл – тегіл жауса күн. Қырға шығар дүркіреп, Көктем басы – жауқазын. **3 - ші топ:** Үлбіреген бақбақ, Үлпілдеген аппақ. Уф! – десем, бақбақ, Ұшасың ғой қаптап. **Дид ойын: «Ретімен орналастыр»** Шарты: Гүлді өсу ретімен жапсыру. **Сергіту сәті:** Гүлдер, гүлдер көк гүлдер, Қызыл гүлдер, көп гүлдер Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып **Дид ойын: «Өсімдік қалай өседі?»** Шарты: Өсімдіктің өсіру	**Қызығушылықты ояту.** Балалар, балабақшаның электрондық поштасына Көктем ханшайымынан хат келді, онда көктем гүлдері желмен ұшып араласып кетіпті. Соған көмек керек екен. **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру** Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, Ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді, Бұл не болды? Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты. Гүлдер қай мезгілде шығады? Балалар: Бұл көктемде болады. Бізге бірнеше тапсырмаларды орындау керек, дайынсыңдар ма? **Дид ойын. «Қоңырау»** **Шарты:**көктем белгілерін еске түсіріп, атау керек. Балалар бір-біріне қоңырауды беріп, соғады, көктем белгілерін атайды. Ағаштарда бүршіктер пайда болады, содан кейін жапырақтары шығады. Күн қазірдің жылынады, Құстар ұшып келеді; Жасыл шөптер шығады; Жәндіктер оянады; Көктемгі гүлдер пайда болады. **Ой қозғау.** Жарайсыңдар, барлық белгілерді атадыңдар. Экранға

	Менің сүйікті бұрышым Ертегілер әлемі. **Б.Османов «Гүлдердің таласы» ертегі** **Ертегі туралы түсінік беру.** Ертегі желісі арқылы сұрақ –жауап **Сергіту сәті** Біз гүлдерше өсеміз Жапырағы жайқалған Сабақтары салалы Желге ырғалып шайқалған **Дид ойын: «Гүл егуге не қажет?»** Гүлге арналған құралдарды тақтаға іледі **Дид ойын: «Гүл өсу ретімен орналастыр!»** **Шарты:** Гүлдерді өсу жолы бойынша ретімен жапсыру. **Дид ойын: «Гүлді толықтыр»** Шарты: берілген гүлді ермексазбен толықтыру. **ҰІӘ қорытындылау.** Балаларға жұлдызшаберу арқылы мадақтау Сұрақ – жауап. Балаларды мадақтау.	таныстыру. **Дид ойын: "Гүлдерді түстеріне қарай ажырат"** **Шарты:** Тақтадағы гүлдердің сыңарын стол үстінен тауып қасына жапсыру. **Дид ойын: «Ретімен қой»** **Шарты:** Берілген суреттегі гүлді өсу ретімен құрастыру Қандай гүл шықты? Түсі қандай? **Сергіту сәті**: Гүл өсірем үйде(жоғары қол көтереді) Су құямын гүлге(қолмен су құяды) Гүл күткенді біледі(тербеледі) Бойын сылап күледі(бойын қолымен сыйпайды) Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады(қолын желпейді) **Дид ойын: ойын: «Гүлдерді топта»** Шарты: Дала гүлдерін көк қыстырғышпен, бөлме гүлдерін қызыл қыстырғышпен қыстырып белгілеуді ұсыну. **Дид ойын: «Су құйғышты әсемде»**	айналады. Ағашқа күнді жапсыру. **2-топ:** Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады.құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру. **3-топ:**Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп, жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру. **4-топ:** Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп.Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою. **ҰОҚ қорытындылау.** Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз Тал егеміз бақтарға Айналасын қоршаймыз	жолдарын атау. **Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»** Шарты: Берілген суретке сөйлем құрау. Суретте гүлге суды не үшін құйып жатыр? Неліктен аралар гүлдің жанында жүр? Ара гүлден не жинайды? Шөптің түсі қандай? Қай мезгілде шөптер жасыл болып шығады? Су құйғыштың түсі қандай? **Шығармашылық бұрыш** Өз еркімен жұмыс Балаларды топқа бөлу. **Суретшілер тобы** **Мүсіншілер тобы** **Бақылау.**	қарайық (слайдта көктемнің алғашқы гүлдерінен басқа барлық белгілер көрсетілген), оңтүстіктен ұшып келген құстар, ағаштарда жапырақтар пайда болды, бұлақтар ағады, жас шөптер. Бірақ мен көктем гүлдерін көрмеймін. Көктемгі гүлдердің бейнесін өзіміз жасауымыз керек екен. **Дид ойын: «Көктем гүлдерін тауып ата»** Шарты: Көптеген әдемі гүлдер әкеледі. Біз бұл гүлдердің атын білеміз бе? Балалар көктемгі гүлдердің иллюстрацияларын тауып, оларды атайды. Гүлдерді көктем алаңқайына жапсырады. **Дид ойын: «Ортақ белгісі не?»** **Шарты:** Гүлдердің ортақ белгісін атау. Гүлдердің сабағы, жапырақшалары, жапырақтары, тамырлары бар. **Сұрақ олар ұқсас па?** **Ал айырмашылығы неде?** Олардың жапырақшалары мен жапырақтары әртүрлі. **Жапырақшалардың айырмашылығы неде?** Пішіні мен түсі. **Дид ойын: «Толықтыр»** **Шарты:** Суреттегі босорынды ермексазбен толықтыру. **Суретке тақпақ айту.**

		Шарты: Әр су құйғыштың сыртындағы гүлді өз қалаған түспен бояу. **Қорытынды :** Балалар біз бүгін не туралы әңгімелестік? Егерде, көңіл-күйлері көтеріңкі болса, қызыл гүлді алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, көк гүлдерді таңдауды ұсынады. Балаларды мадақтау			Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр. Егін шығып мол өссін, Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр. Жерге әдемі гүл өссін. **Өздік жұмыс** **Дид ойын: «Көктем гүлінің бейнесі»** Шарты: мақта жастықшаларды пайдалана отырып, көктем гүлдерінің бейнесін жасау. Жұмыс барысын түсіндіру. Жасалған жұмыстарды көктем мезгіліне түсіріп жіберу. **Қорытындылау.** Экранда көктем пайда болады Тәрбиеші: Қараңдар, көктем күліп тұр, гүлдерің оған қатты ұнады, ол сендерге өте риза. **Қазақ тілі.** **(жоспары бойынша.)**
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Картотека №1** **Ауа райын бақылау**	**Картотека № 9** Құстарды бақылау.	**Картотека №15** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау	**Картотека № 17** Ауладағы сиреньдерді бақылау**.**	**Картотека № 20** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№1. Ояну** Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды	**№2. Ояну** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**№3 Ояну** Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	**№4 Ояну** Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.	**№5.Ояну** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дид «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» Ой қозғау.** Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз? **5. Ширату.«Құм, тас, су».** «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу.	**Менің зымыраған көңілді добым.** Жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады. Көңілді добым, о , менің, Домалап қайда жөнелдің? Қызыл, сары, көгілдір, Жел аяқсың-ау өзің бір! Бұдан кейін доп қашып кетеді, тәрбиеші балалармен бірге оны ұстайды. Ойын жаңа доппен қайта басталады. Балалар ойынды әбден үйреніп игергенде, бәріне де доп сияқты секіруді ұсынуға болады.	**Көбелек** Балалардың табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылығын арттыру. Бояулардың әртүрлі түстерін араластырып, қағаздың ортасына көбелек бейнесін келтіре жағу, екінші бетін жауып, алақанмен сипау. Монотопия Симметриялық салу	**Күн мен жаңбыр.** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.	Қимылды ойын: Менің зымыраған көңілді добым. Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жанында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады. **Көңілді добым, о , менің,** **Домалап қайда жөнелдің?** **Қызыл, сары, көгілдір,** **Жел аяқсың-ау өзің бір!**
Балалармен Жеке жұмыс	**Алибек Дарина** ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды	**Ермек Алинұр** әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден	**Жолдасбай Адина** билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше	**Қайратұлы Ахмет** «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе	**Сарсенғали Айым** отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін

	қызығып жасау.	қарапайым құрылыстар тұрғызу.	орындау.	«жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие:	атау.
Серуенгедайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	**Картотека №1** **Ауа райын бақылау**	**Картотека № 9** Құстарды бақылау.	**Картотека №15** Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау	**Картотека № 17** Ауладағы сиреньдерді бақылау**.**	**Картотека № 20** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-анараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ Қошақан

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 08. 04 – 12.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Картотека № 18** **Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»** **Мақсаты:** суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін білу.	**Картотека № 21** **Дид ойын: «Балық аулау»** **Мақсаты:** сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамыту.	**Картотека № 20** **Дид ойын: «Орнын тап»** Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен табу.	**Картотека № 17** **Дид ойын: «Жеке атауын ата»** Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырату.	**Картотека № 15** **Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»** Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айту.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін, Сыйлығымды ал!	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнапғ бір жүрер Достарым көп, білемін!	Сиқырлы айнадан Өзімді көремін. Бақыттан жайнаған. Көзімді көремін.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой қозғау.** Балалар, біздің тобымызда не өзгерді? Не пайда болды? Балалар: жұлдызды аспан, үлкен жұлдыз және бірнеше кішкентай жұлдыздар бейнеленген плакаттың пайда болғанын айту. Қалай ойлайсыңдар, бұл жұлдызды аспан неліктен пайда болды? Қандай мерекені тойлаймыз? Осы айда адам ғарышқа алғаш рет ұшты, Сондықтан ғарышкерлер күні тойланады. **Тосын сәт.** Ой, балалар, мына жұлдызда бізге жазу жазылған! Мұнда былай делінген: **«Балалар, бізге жұлдызды аспанды зымырандар мен ғарышкерлермен безендіруге көмектесіңдер, жұлдызшамен белгіленген тапсырмаларды орындаңдар. Тапсырмаларды ретімен орындаңыздар. Құрметпен, жұлдыздар».** Балалар, тапсырмаларды	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** Көңілді музыка естіледі. Балалар! Бүгін мен сізді қызықты саяхатқа шақырғым келеді және қайда екенін болжауға болады. **Дид ойын: «Кім жылдам»** Аспанда жұлдыз жарқырап, Ай мен Күні толып тұр. Құс жолы көкте сарқырап, Ғаламшарлар төніп тұр. **(Ғарыш)** Тәрбиеші: - Жарайсыңдар! Бұл ғарыш. Бұл өте үлкен. Бұл көптеген жұлдыздардан, планеталардан, тұратын тұтас ғарыш жүйесі. **Ой қозғау.** - Балалар, сендерге мереке ұнай ма? Қандай мерекелерді білесіңдер? Ғарыштың да мерекесі бар, ол сәуірде тойланады. Оның қалай аталатынын кім біледі? -Дұрыс Ғарышкерлер күні. - Ендеше, кеңістіктің не екенін білгілерің келе ме? -Олай болса дайындал, біз ғарыш айлағына барамыз, ол жерден ғажайып аппаратты ұшырады. Бұл	**М узыка. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Тосын сәт.** Музыкалық дыбыстар. - Ой, балалар, бізге тағы қонақтар келген сияқты. Кім екенін көрейік. **АҚТ технолог жұмыс.** Лунтик пайда болады. Лунтик: - Ой-ой! Сәлем балалар! Мен Лунтикпін, мен айда тұрамын, ал ғарыш - менің үйім. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын! Менің сендерге айтатын және көрсететін нәрсем бар. Лунтик: – Ғарыш дегеніміз – жерден тыс жатқан орасан зор әлем. Ғарыштық әлем көптеген планеталармен, кометалар және басқа аспан денелерімен толтырылған. Міне көрдіңдер ме? Ғаламда бір тату отбасы тұрады - бұл күн жүйесі. Ортасында ыстық жұлдыз жарқырайды - бұл Күн ана. Күн сондай мерімді, сендерге де шуағын шашып тұрады. Мұнда әр түрлі қашықтықта планета бар - бұл оның балалары	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Тосын сәт** Балалар, бүгін бізге ерекше қонақ келді, Лунтик біздің балабақшаға ұшып келіп, Ғарыш орталығына саяхат жасауды ұсынады. Ой қозғау. Сендер ғарышкер болғыларың келе ме? Ғарышкер болу үшін тек күшті, батыл және төзімді ғана емес, сонымен қатар дамыған білімді болу керек. Бұл саяхатқа шығу үшін біз бірқатар тапсырмаларды орындауымыз керек. Қане көзімізді жұмып, кері санақты бастау: 3-2-1 деп айтамыз. **№ 1-тапсырма** **Дид ойын: «Ғарышкер костюмінің құрылымын зерттеу»** Лунтик бізге ерекше костюм әкелді, соған қарайық. Ғарышкердің киімі қалай аталады? Скафандр. **Сөздік жұмыс: скафандр** скафандр иллюстрациясын қарау және оның құрылымын	**Ой қозғау. АҚТ жұмыс.** Ғарыш және ғарышкер туралы түсінік беру. -Ғарыш дегеніміз не? -Ғарышкер дегеніміз кім? -Қандай әуе көліктерін білесіңдер? - Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам Юрий Гагарин. -Ғарышқа қазақтардан кімдер бірінші болып ұшты? -Олар не себептен ғарышқа ұшады? (Аспан кеңістігін зерттейді) -Ғарыш айлағы қай қалада орналасқан? -Оны қалай атаймыз? **Сергіту сәті.** Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық **Ой дамыту.** **Балаларды топқа бөлу**. **Дид ойын: «Ғарыш әлемі»** **1-топ** **«Жұлдызды аспан әлемі»** Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді тауып, жапсыру. Мысалы:

	орындаймыз ба? Б: Иә! Олай болса жан-жағымызға қарап, бірінші тапсырма бар жұлдызшаны іздейік. Балалар: Міне, ол! **Тапсырма мынау:** **Дид ойын: «Ғарышкерді тап»** **Шарты:** Алдымызда 3 портрет тұр. Сендер олардан ғарышкерлерді табу керексіңдер. (ғарышкердің, полицейдің, матростың портреттері ұсынылады) Неліктен бұл портретті таңдағанын түсіндіру. **Миға шабуыл** Сендердің ойларыңша ғарышкер қандай болуы керек? Ғарышкердің денсаулығы жақсы болуы керек. Ол күшті, төзімді болуы керек, өйткені ғарышқа ұшу кезінде адам үлкен жүктемелерді бастан кешіреді. Ғарышкерлер өте ақылды адамдар, олар әртүрлі аспаптармен жұмыс істей алады және біледі. Жарайсыңдар. Біз тапсырманы орындадық. **Енді келесі жұлдызшаны іздеу керек.** Балалар, сендер керемет екенсіңдер – екінші	машина қалай аталады және оның қандай бөлшектерден тұратынын кім біледі? **Дид ойын: «Зымыран»** **Шарты:** Педагог балаларды геометриялық модульдер (немесе фигуралар) жинағы жатқан жерге әкеліп, олардан ғарыштық зымыранды құрастыруды ұсынады. Мұқият қарап, айтыңдаршы, зымыранды қандай геометриялық пішіндерден құрастырдыңдар? Тәрбиеші: - Керемет зымыран шықты, ұшуға дайындалайық, кері санауды бастаймыз 5,4,3,2,1, ұшыру. **Менің сүйікті бұрышым** **Ой дамыту.** -Ғарышта жұмыс істейтін адамдардың мамандығы қалай аталады? - Алғашқы ғарышкер кім болды? Юрий Алексеевич Гагарин тұңғыш рет ғарышқа жол ашты. Бұл 12 сәуірі болатын. Содан бері жыл сайын 12 сәуір ғарышкерлер күні ретінде тойланады. Балалар ең бірінші ғарышқа адамнан бұрын	және олардың барлығы әртүрлі. Ол туралы үлкен топқа барғанда жақсы білетін боласыңдар. Барлық планеталардың ішіндегі ең мейірімді және жомарты – Жер. Бұл көк планета сендердің ортақ үйлерің. Мұнда адамдар, жануарлар, балықтар, құстар - бәрі бір шаңырақтың астында тұрасыңдар. Бұл планета бәрінен де бақытты, сондықтан оны қорғап, ренжітпеу керек. **Балалар сендерге Лунтиктің әңгімесі ұнады ма?** - Ғарышта қаншама қызықты нәрселерді көруге болады: галактикалар, жұлдыздар, кометалар. Және қандай әдемі планеталар. Олар қандай түсті болады? -Жарайсыңдар, менің қайтатын кезім келді, мен тапсырма қалдырам соны орындап, маған түсіріп жіберіңдер. **Дид ойын: «Қандай түс»** **Шарты:** Зымыранның боялмаған бөлігін бояу.	зерттеу. Ғарышкер ғарышта жүргенде зымыран ішінен шығады, өйткені олар жұмыстарын жасайды, зерттейді, әр түрлі планетаны зерттеп ашық аспанда жүреді.Бірақ балалар аспанда ауа жоқ, өте ыстық, ал ғарышкерлерге скафандр көмектеседі, арнайы ауасы бар, ыстықтан қорғайтын киім.Скафандр– адамды Ғарышкердің басында күннен қорғайтын дулыға бар. Дулығада кіріктірілген рация, антенна, бейнекамера және микрофон бар. Қолда қорғаныс қолғаптары мен сағаттар, аяқтарда арнайы қорғаныс етіктері. **№2-тапсырма** **Дид ойын: «Ғарыш кемесі»** **Шарты:** Пішіндерден зымыран бөліктерін біріктіріп жапсыру. - Балалар, сендер қандай әдемі зымыран жасадыңдар, айтыңдаршы, оның жобасын жасағанда қандай геометриялық пішіндерді пайдаландыңдар?	гүл жерде, ай аспанда т.б. **2-топ** **Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.** Геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. **Дид ойын: «Көлеңкесін тап»** **АҚТ технол** **Қазақ ғарышкерлері. Слайдпен жұмыс.** Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан. Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары. **<u>Тоқтар біздің ғарышкер</u>** Шыққан алғаш қазақтан, Тоқтар біздің Ғарышкер. Бір апта аса Ғарышта, Болған нағыз намысты ер. **<u>Ғарышкерді білеміз</u>** Ғарышқа ұшқан қазақтан, Ғарышкерді білеміз. Тоқтар, Талғат, Айдын деп, Айтып, мақтап жүреміз **Қортынды** Балаларды мадақтау. **Қазақ тілі. (жоспары бойынша)**

	жұлдызшаны таптыңдар. Мен тапсырманы оқимын. **«Сергіту жаттығуын орындаңдар, келесі тапсырма үшін күш алыңдар»** Сергіту сәті: Музыкамен. Кім келесі жұлдызшаны байқаса, оны алсын. **Үшінші тапсырма:** Сендер болашақ ғарышкер болам десеңдер, Ғарыш кемесін жасаңдар. Біз ғарышқа немен ұша аламыз? Дұрыс зымыранмен. біз енді зымыран жасаймыз. **Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Ғарыш кемесі»** **1- топ: Шарты.** Берілген фонға зымыран бөліктерін жапсыру. **2-топ: Зымыранды бояу.** **3-Топ Дьенеш блоктарымен зымыран құрастыру.** Қараңдаршы, біздің жұмысымыз қаншалықты қызықты болды! Ал біздің зымырандардың қаншасы жұлдыздарға ұшты? **Балалар 5-ші жұлдызды табады.** **Тапсырма: Дид ойын: «Кім тапқыр»**	қаһарманға айналған екі кішкентай ит ұшты. Оның аты Белка және Стрелка болды. Міне осы иттердің көмегімен ғалымдар адамның ғарышқа ұшып, онда белгілі бір уақыт ішінде қала алатынын білді. **Сергіту сәті. Ғарыш музыкасымен. Ой қозғау.** - Балалар, қалай ойлайсыңдар нағыз ғарышкер қандай болуы керек? Ғарышкерлердің өмірі спортпен тығыз байланысты. Ғарыш кемесінің бортында болса да, олар міндетті түрде жаттығулар жасайды. **Ғарышқа қазақ ғарышкерлері де ұшқан.** Т. Әубәкіров және Т. Мұсабаев Еліміздің мақтаныштары. ержүрек, батыр, халық қаһармандары. **Тақпақ.«Тоқтар – тұңғыш ғарышкер»** Тоқтар – тұңғыш ғарышкер Арман қуып жасынан. Көктен көзін алмаған, Ұшқыш болды жас ұлан. **Қортынды .Сұрақ-жауап**	Жарайсыңдар. Лунтикке түсіріп жіберейік. **Қортынды Тақпақ. Мен ғарышкер боламын.** Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын Сені көзбен шоламын Мен ғарышкер боламын. Балаларды мадақтау.	**№3 тапсырма «Сөйлем құра» - сөйлеудің грамматикалық құрылымы бойынша жұмыс** Ай дегеніміз не ? Ай – жердің серігі Жер дегеніміз не? Жер – планета. Жер – біздің үйіміз, ал күн жүйесі – біздің туған қаламыз. Бұл шуақты қалада басқа планеталар бар. Күн үлкен ыстық жұлдыз, ол планеталарды жылытып, жарықтандырады. **Ұжымдық жұмыс.** Үлкен форматта салынған дөңгелекке күннің шуағын бояу. Лунтик: жарайсыңдар, тапсырманы ептілікпен орындадыңдар. **Ең алғаш ғарышқа ұшқан не?** Иттер: Белка мен Стрелка Адамдардан кім ұшты? Ю.гагарин. Ғарышкерлер ұшу кезінде не істейтінін білесіңдер ма? Бақылаулар жүргізеді, Жер бетін, Айды және басқа планеталарды зерттейді. Олар жақындап келе жатқан	

	Жұмбақ шешу. Аспанда бір алып құс Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң, ғажайып, Соңында із қалады.**(Зымыран)** Ұшқыш емес, бірақ ол Аспанда қалықтап ұшады Оны кім деп ойлайсыңдар? **(Ғарышкер)** **Қорытынды:** Тәрбиеші: Балалар, басқа жұлдыздар бар ма? **Балаларды мадақтау.**	Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз? - Біздер қандай ғаламда тұрамыз? - Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты? - Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім? - Қазақ елінен кімдер ғарышқа ұшты? Балаларды мадақтау.		дауылдар, табиғи апаттар туралы хабарлайды, ауа райы болжамын жаңартады **№4 тапсырма** **«Ауада қалықтау» релаксациялық жаттығулар** - Мен Жерге оралуды ұсынамын. Міне, біз балабқшадамыз. Саяхат барысында біз көптеген қызықты нәрселерді көрдік. Бүгінгі әңгімемізді, жаңадан үйренгенімізді еске түсіріп, **Дид ойын: «Суретті жина»** ойынын ойнауды ұсынамын. Барлығы конверт алып, суретін жинап, не істегенін айтады. Балаларға бөлінген суреттер ұсынылады: Ю. Гагарин, «Зымыран», иттер «Белка мен Стрелка»,. Планеталар. **Қортынды** Балалар, сендерге біздің ғарыш әлеміне саяхатымыз ұнады ма?	
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Картотека № 4** Аспанды бақылау	**Картотека №11** **Ағаштарға бақылау жасау**	**Картотека №14** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	**Картотека №15** Бақбақтың өсуін бақылау	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу				

	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№ 3** «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.	**№4.** Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды. Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.	**№5.** "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау	**№6.**арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау	**№7.**«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дид ойын: «Көп және біреу»** Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынас-тарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.	.	**Дәстүрден тыс сурет салу** **Тосын сәт.** **«Торғайға көмек»** Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе?	**Шығармашылық орталық** **Дид ойын: «Ағаштан жасалған заттарды ата»** Балаларды топқа бөлу. **1-топ:**Жатын бөледегі кроватты мүсіндеу. **2-Топ:** Үш аюдың ыдысын жапсыру. **3-Топ:** Ағаштарды бастыру әдісі арқылы салу. Жанама бақылау.	. **«Ненің баласы?» Мақсаты:** Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. **Шығармашылық.** **Дид ойын: «Төлдерге қора жасаймыз»** Шарты: Ермексаздан созу тәсілі арқылы қора жасау

Балалармен Жеке жұмыс	**Оспанбай Айлара** қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беру.	**Кахар Дарын** оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айту.	**Райымбек Айзере** өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсіну.	**Мақсатұлы Мейіржан** «бір», «көп» ұғымдарын ажырату.	**Нүсіп Көркем** сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	**Картотека № 4** Аспанды бақылау	**Картотека №11 Ағаштарға бақылау жасау**	**Картотека №14** Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.	**Картотека №15** Бақбақтың өсуін бақылау	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.	Ата-анараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.	Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ Қошақан

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 15.04 – 19.04.2024ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Картотека № 1** **Дид ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат»** **Мақсаты:** табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысу.	**Картотека № 5** **Дид ойын: «Телефон»** **Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйрену.	**Картотека №9** **Дид ойын: «Бақша да ма,бау да ма?»** **Ойынның мақсаты:** Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айту.	**Картотека №10** **Дид ойын:** **Танып ал да, атын ата** **Мақсаты:** заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	**Картотека №11** **Дид ойын:** **«Затты сипаттау»** Мақсаты:Заттарды көрі п сипаттау арқылы балаларқоршаған орта жайлы түсіну.
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, бала , балақай, Қол соғайық алақай, Бір, екі, үш деп атайық, Саусақтарды тартайық Жалқау бала болмайық,	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнапғ бір жүрер Достарым көп, білемін!	Достар , бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!	Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз	Жабырқауды білмейміз Жалқаулықтысүймейміз Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан

Білімберуұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** **Өлең оқу** Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сұрақ-жауап Өлең жолдары не туралы айтылған? **Ой дамыту.** АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар, неге нанды ас атасы деп айтамыз? - Ал енді осы қасиетті нан дастарханымызға қалай келеді **(слайд)** Көктемде бұл тракторлармен жерді жыртып, оны тырмалап, жерге мынандай бидай дәнін себеді. (балаларға бидайды көрсету) - Келесі суретте егін алқабы. - Келесі суреттеегінді орып жүрген комбайн. Ол бидайды тазартып көлікке салып береді. - Келесі суретте диірменде бидайдан ұн тартып шығарады. (ұнды көрсету) - Иә, тартылған ұнды наубайханаға апарып, сол наубайханада нанның әр	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақтар** Беттескен қос табақ Ортасында бас табақ Көз бен шоққа ораса Дәм піседі тамаша Ұзын мұртты сарылар Қойынында наны бар **Бидай.** **Ой қозғау.** Балалар сендер еретгі тыңдағанды жақсы көресіңдер. Біз еретегілер бұрышына нан туралы ертегі тамашалайық. **Нан қайдан келеді?** **Акт технологиясы.** Бір күні Тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреге жаңа піскен сап - сары бөлкелер үйіліп түр екен. Піскен нан иісіне қызыққан Тышқан тұмсығын жыбыр - жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Осы кезде күзетші келіп қалады. Тышқан зып беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апырай, қайдан келді екен осыншама нан. Біліп алып шыққан жеріне кірсем, ә!»	. **Музыка. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту** **Өлең жолдарын оқу** Қырға шықсаң өрлеп, Мұның аты-Еңбек Кесте тіксең зерлеп Мұның аты-Еңбек Сабағыңа жөндеп, Әзірленсең –Еңбек Гүл отырғызсаң терлеп, Мұның аты-Еңбек Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек Өлең не туралы айтылған? Балалрдың жауабы. **Ой дамыту** **Суретпен жұмыс.** Суретте не көріп тұрсыңдар? Қандай жұмыс жүргізіп жатыр? - Үйдің ауласына не отырғызып жатыр? -Көктем мезгілінде адамдар айналаны бәрін тазартады. - Ағаштар, гүлдер отырғызады. **Бұны бір сөзбен көктемгі еңбек дейміз.** Ағаштар мен гүлдер әдемі болып өсу үшін қандай қамқорлық көрсете аламыз?	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Миға шабул.** **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** Ұзын мұртты срылар, Қойынында дәні бар. Ол не? **Суретпен жұмыс.** Бидаймен таныстыру. **Ой қозғау.** **Қосжан Мүсіреповтың «Алтын астық» өлеңін оқып беру.** Көктемде егін егетін, Күзде жиып теретін, Біздің дала – бай дала, Алтын астық айнала. Ел егінді жинайды, Қырманға дән сыймайды. Біздің дала – бай дала, Алтын астық айнала. **Сұрақ – жауап** Осы оқыған өлең шумақтарында не жайлы айтылған? Сендерге өлең ұнады ма? **Ой қозғау.** **«Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?** Астықшылар егін жинау науқаны қызып тұрған кезде таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді. Уақытты өткізіп жіберсең, астық	**Ой дамыту.** **АҚТ технологиясымен жұмыс** Қандай ертегілер білеміз? Экраннан ертегілер кейіпкерлерін көрсету. Сұрақ-жауап Балалар, бүгін бізге қай ертегінің бас кейіпкері қонаққа келді екен, қараңдаршы! (үстелдің үстінде бауырсақты домалату) Бұл ертегіні бәріміз де білеміз, есімізге түсіріп көрейікші. **Ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсету және дауыс ырғағын келтіріп айтып беру** Ертегі желісінен сұрақ-жауап. бауырсақтың пішіні қандай? Бауырсақтың түсі қандай? Жан-жаққа қараңдаршы, топта домалақ пішінді қандай заттар бар? Табиғат бұрышындағы күнді көрсету. Бауырсаққа тағы не ұқсайды? Доп, Алма т.б

	түрін пісіреді. Ал, мына суретте нан дүкен сөрелерінде өз сатып алушыларын күтуде. - Сонда нан дастарханға оңай жолмен келеді ма екен? Көптеген еңбекпен келеді екен. **Сөздік жұмыс:** комбайыншы, трактортшы, наубайхана, элеватор. **Ой қозғау** **Нанға байланысты мақал – мәтелдер үйрету, түсіндіру.** 1. Нан бар жерде ән бар 2. Дәнді шашпа, нанды баспа. 3. Ас атасы – нан **Сергіту сәті:** Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып, көктеп шықсын деп. Күз болғанда орады Нанға біздер тойсын деп **Қортынды.** - Бүгінгі оқу қызметімізде не туралы айттық? - Нан біздің дастарханымызға оңай келеді ма екен? - Иә, ол үшін көптеген адамдар еңбек етеді екен. Балалрды мадақтау!	- деп қызығып кетті. Тесіктен сақтана сығалады. - Нан, нан, сен қайдан келдің? - деді сыбырлап. - Сатушыдан сұра, - деді нан. Тышқан сатушыға келді. - Сатушы, сатушы, нан қайдан келеді? - Наубайшыдан сұра, - деді сатушы. Тышқан тымпыңдап наубайханаға келді. Мұнда көп адам нан пісіріп жатыр екен. - Нан қайдан келеді? - деді бір наубайшыға келіп. - Диірменшіден сұра, - деді наубайшы. Тышқан диірменшіге келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр көбелек айналады. Екі адам үн тартып түр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып - жұмғанша қап - қап ұн пайда болады. Тышқан иненің көзіндей танауын тыржиып, таңдана қарап тұрды да: - Диірменші, диірменші, нан қайдан келеді - деп сұрады. - Комбайншыдан сұра, - деді қырманшы қарт.	- Иә, балалар, ағаштардың, гүлдердің түбін қопсытып, суғарып, арам шөптерін жұлып отырамыз. Айналамызды таза ұстауға-біздің басты міндетіміз, себебі айнала таза болса, біз демалатын ауа да таза болады. Ағаштар көп болса, ауа таза болады. **-Тағы қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?** Далада жер жыртып егін егуге дайындайды Біздің ата –аналарымыз бақшада қандай жұмыстар жүргізеді? Олардың бізге қандай пайдасы бар? **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық. Ой қозғау. - Ауладағы шашылып жатқан қоқыстарды қайда саламыз? - Балалар, қоқыстарды, арнайы қоқыс жәшігіне саламыз. **Дид ойын: «Қоқыстарды жинаймыз»** **Мақсаты:** Жерде жатқан қоқыстарды қайда тастау керектігін түсіндіру	ыдырайды, өнім жоғалады. Комбайндардан жүк машиналарына астық құйылып, оны элеваторларға астық тасиды. Онда оны көптеген жылдар бойы сақтауға болады. Еліміздің жәшіктері алтын нанға толы. **Сергіту сәті:** Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса – баспаңдар. Теріп алып қәстерлеп, Торғайларға тастаңдар. **Дид ойын: «Кім не істейді?»** **Шарты:** Суреттегі мамандық иесінің не істейтінін жанына жұмыс түрін қойып айтып шығу. Диқаншы-егін егеді, баптайды Трактортшы- жер жыртады Диірменші-ұн тартады Наубайшы -нан пісіреді **Дид ойын: «Тәтті тоқаштар»** **1- «Тоқаш» тобы.** Тоқаш суретін қиып жапсыру **2-«Бауырсақ» тобы** Бауырсақты мүсіндеу **3-«Бөлке нан» тобы**	**Сергіту сәті.** Алма, алма, көп алма, Қызыл, сары, көк алма. Теріп, теріп алайық, Себеттерге салайық. Дид ойын: «Жаңа піскен бауырсақ» Шарты: Бауырсақты бояу. **Ой қозғау.** Нан туралы тыйым сөздер үйрету. Дәнді шашпа, нанды баспа. Нан— тамақтың атасы Мағынасын түсіндіру. **Қортынды** **Сұрақ-жауап** Балаларды мадақтау. **Қазақ тілі. (жоспары бойынша)**

		Тышқан далада егін орып жүрген комбайншыға келді. - Комбайншы, комбайншы, нан қайдан келеді? - деп сұрады. - Көктемде трактор шы жер жыртады, тұқым себуші тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сіңіреді. Міне, қалың астық - сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады, - деді комбайншы. - Ой, мұның азап қой. Мен шалқайып жатып - ақ таба беремін, - деп қутың - қутың етті Тышқан. - Әне, Мысық келе жатыр, - деді комбайншы. Сол - ақ екен Тышқан бір ескі інге зып берді **Балалар ертегі ұнады ма?** **Ертегі желісінен сұрақ-жауап.**	**Шарты:**.Қоқыс салатын жәшікке қоқыстарды жапсыру. **Қорытынды** **Сұрақ-жауап** **Балаларды мадақтау.**	Бөлке нанның суретін салу **Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін түсіндіру.** **Тиым сөздер:** Нанды бір қолмен үзбе! Нанды жерге тастама! Нанды текке лақтырма! **Қорытынды.** **Біз не білдік?** Нанның бидайдан өседі Нанды қастерлеу керек Нан-адамның тіршілік қорегі Нан-дастарханға еңбекпен келеді Қандай өлең шумағымен таныстық? Алтын астық деп не үшін айтамыз? Балаларды мадақтау	
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Серуен № 7** Ауа райына бақылау жасау	**Серуен № 9** Күннің көзін бақылау.	**Серуен № 11** Құстарды бақылау.	**Серуен № 4** Жәндіктердің алғашқы жануын бақылау	**Серуен № 17** Ауа райын бақылау.
	Серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				

Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықт ырушар алары	**Жаттығу кешені № 16** Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.	**Жаттығу кешені № 17** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	**Жаттығу кешені № 18** Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық	**Жаттығу кешені № 19** Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	**Жаттығу кешені №20** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітапта рқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Құлыпты аш»** Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.	**Дид ойын: «Сиқырлы суреттер»** **Мақсаты:** бірлесіп жұмыс жасайды достық қарым-қатынаста бола алады.	**Отан» Ж. Әбдірашев.** «Отан – әжем, Отан-анам!» «Туған ел!» деп, «Туған жер!» деп, Ол бекерге аталмаған... Атам,Әжем,Әкем,Анам – Төртеуі де «Отан!» маған. Төртеуі де «Ботам!» дейді, «Ер азамат атан!» дейді .	**Дид ойын: «Жаңбырлы ауа-райы»** Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен сурет сала алады.	**Мен де балғын гүлмін Автор. М. Байсариева** Арасынды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!
Балалармен жеке жұмыс	**Ануарбек Ақерке** оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айту.	**Пернебек Алихан** қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айту.	**Нұрболған Мирас** «бір», «көп» ұғымдарын ажырату.	**Айдар Еркежан** сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.	**Айдарұлы Алихан** жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	**Серуен № 7** Ауа райына бақылау жасау	**Серуен № 9** Күннің көзін бақылау.	**Серуен № 11** Құстарды бақылау.	**Серуен № 4** Жәндіктердің алғашқы жануын бақылау	**Серуен № 17** Ауа райын бақылау.

	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту Балалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Топ: Ортаңғы топ Қошақан

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 22. 04 – 26.04.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	**Картотека № 18** **Дид ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»** **Мақсаты:** суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін білу.	**Картотека № 21** **Дид ойын: «Балық аулау»** **Мақсаты:** сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамыту.	**Картотека № 20** **Дид ойын: «Орнын тап»** Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқып суреттен таба білу.	**Картотека № 17** **Дид ойын: «Жеке атауын ата»** Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырату.	**Картотека № 15** **Дид ойын: «Құстарға көмектесеміз?»** Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айту.
	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау**				
Таңғы ас	Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.				
Ұйымдастырылған іс-	Мына аспан астында Жақсы дос көп табылар Мен де соның бірімін,	Ашық менің жүрегім Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнапғ бір жүрер	Сиқырлы айнадан Өзімді көрермін. Бақыттан жайнаған.	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа,	Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз,

әрекетке дайындық	Сыйлығымды ал!	Достарым көп, білемін!	Көзімді көремін.	Дөгеленген шеңберді.	Жан достармыз енді біз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдасты рылған іс-әрекет.	**Дене шынықтыру.** **(нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Ой қозғау** **Ашық сұрақ әдісі** Қазір қай жыл мезгілі?Көктемде айналамызда қандай өзгерістер болады? Көктемде жәндіктер оянып, жер бетіне шығады екен. Ал, қандай жәндіктерді білесіңдер? **Дид ойын: «Кім тапқыр?»** **Жұмбақ жасыру.** **1**.Екі басы жұдырықтай Ортасы қылдырықтай/**құмырсқа/** **2.**.Ызыңдап ән салып Лас жерге қонады./**шыбын/** **3**.Тоқыған ауа – шыбынның жауы **/өрмекші /** **4.**Гүлдерге қонады. Шырынын сорады Түрі – түсі сары – ала Бұл не ?/**ара /** **5.**Өзі кілем түрінде, Құдды қырдың гүліндей, Гүлге қонса кетеді,	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Қызығушылықты ояту.** - Бүгін біз орман алқабының кішкентай тұрғындары – жәндіктерге қонаққа барамыз. Саяхатқа дайындалу: **Кинезиологиялық жаттығу «Айқасқан қадамдар»** Біз аяқтарымызды жоғары көтеріп, орман алқабына шықтық, Шөптер мен бұталар арқылы, діңгек бұтақтары арқылы. Епті сүрінбей жүреміз **Тосын сәт** Балалар жасыл дастарханмен жабылған үстелге келеді, оның үстінде тек гүлдер мен хат бар. Педагог балалардың назарын алаңқайда ешкімнің жоқтығына аударады. – Қараңдаршы, ашық жерде ешкім жоқ, мен бірде-бір жәндік көрмеймін. Тек хат тұр, қызық кімнен екен? **Ол хатты оқиды:** **«Қымбатты балалар, біз қиыншылыққа тап болдық, бізді зұлым өрмекші сиқырлады, көмек керек»** -Ал жәндіктерге көмектесу үшін сіз бен біз де жәндікке айналамыз. Менде бізге	**Музыка. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Саяхатқа бару.** **Топ ішіне білім дағдылары бойынша саяхат жасау.** **Коммуникация.** Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз) Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? -Көбелек гүлдерді тозандандырады -Қоңыз өсімдіктердің жапырағын зиянды құрттардан тазартып, емдейді. - Құмырсқа еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады. -Ара гүлдердің шырынынан бал жинайды. Қоңыздар топырақты қазып шіріген заттарды ыдыратып табиғат тазалығын сақтауға үлес қосады. Жәндіктер туралы кім тақпақтар біледі? **Алдын ала жүргізілген жұмыс бойынша.**	**Дене шынықтыру. (нұсқаушысының жоспары бойынша)** **Дид ойын: «Кім жылдам?»** **Жұмбақ жасыру:** Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр-түсі сары ала Бұл не сонда? **Сұрақ –жауап.** Жұмбақта не жайлы айтылған. Аралардың үйін (Омарта) дейміз. Аралар дәмді не арқылы сезеді? Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, зиянды жәндік пе? **АҚТ технолог жұмыс.** **Дид ойын: «Аралар»** **Шарты:** аралар сияқты дыбыс шығарып, қимылдар жасау арқылы омартаға жету. Бастамас бұрын балалармен пікірталас жүргізу. **(Слайд арқылы)** Гүлзардағы гүлдерден қандай араларды көрдіңдер? Олар қалай ызылдайды? Аралар гүлдерден бал	**Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** **АҚТ технология жұмыс.** **Экраннан ата шығады.** -Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім.Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім. **Ы.Алтынсариннің «Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш»** деген әңгімесін айтып бермекші екен. Мұқият тыңдайық. **Әңгіме бойынша сұрақ жауап.** Әңгіме де не туралы айтылған? -Әңгімедегі кейіпкерлер қандай? -Әнгімеде нелер туралы айтылған? -Өрмекші,құмырысқа, қарлығаш не істеп жүр екен? **Сергіту сәті:** Қарлығашқа ұқсайық Қане, қанат қағайық Ұшып – ұшып алайық Орнымызға қонайық.

	Айырмасы білінбей. **/көбелек /** **Ой дамыту.** **АКТ технологиясы.** **Слайд.** Жәндіктер туралы түсіндіру. **Сұрақ жауап.** Жәндіктердің аяғы нешеу? Олар иісті сезе ме? Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар. Ең мазасыз жәндікті кім біледі? Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе? **Дид ойын: «Жұбын тап»** **Шарты:** Балаларға әртүрлі суреттер бейнеленген карточкалар таратады. Сәйкес суретті жәндіктің жаңына жапсыру. **Сергіту сәті:** Көкбелектер ұшады Айнала құлпырады Гүлдер бүршік жарады Бәрі жақсы болады. **Дыбыстық жаттығу.** құ-құ-құ - еңбек сүйгіш құмырсқа лік-лік-лік – ұшып жүргенинелік кө-кө-кө – гүлге қонды көбелек қо-қо-қо-қоңыз **Дид ойын: «Жұмбақ сурет»**	көмектесетін сиқырлы гүл бар. Сиқырлы гүлді алып, сөздерді айту. Көзімізді жұмамыз, гүл гүл, бізді жәндіктерге айналдыр! Міне, біз жәндіктерге айналып, орман алқабына ұшамыз. **Өрмекшінің бірінші тапсырмасы:** «Жұмбақтарды шешіп, суреттерді құрастыр» **Дид ойын: «Кім жылдам?»** **Шарты:Жұмбақтың шешуінен шыққан жәндікті құрастыру.** Жұмбақты айту, балалар шешіп, суреттін тауып, тақтаға іледі. Қалған балалар алдарындағы суретті құрастырады. **Инелік** 1. Жұмбақтың жауабын табуға қандай сөздер көмектесті? Жауап. 2.Хош иісті гүлдердің шырынын ішеді, Бізге балауыз бен бал береді. **(ара).** Оның ара екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті? 3.Екі басы жұдырықтай Ортасы қылдырықтай **/құмырсқа/** - Оның құмырсқа екенін анықтауға қандай сөздер көмектесті? - Суретте бейнеленгендерді бір сөзбен қалай атауға болады?	**«Таным» орталығы** **Дид ойын: «Жәндіктер»** **Шарты:** Жәндіктердің бейнесін құрастыру. Балалардың алдарында конвертті ашып, жәндіктерді бейнесін құрастыруға үйрету. **Денсаулық саласы** **Қимылмен көрсету.** **Дид ойын: «Жәндіктер қалай дыбыстайды?»** **Ара** – ызылдайды ыззз-ызз **Шыбын** – ызыңдайды **Шегіртке** – шырылдайды. **Бақа** – бақылдайды, құрылдайды. **Әлеумет орталығы.** **Дид ойын: «Не артық»** Шарты: Суреттегі артық затты табу. Сұрақ-жауап Не үшін? Жәндәктер қайда өмір сүреді? Сұраққа толық жауап беру. **Шығармашылық орталық.** **Балаларды топқа бөлу.** **1-топ:** **Дид ойын: Көбелекті гүлге қондыр.** Шарты: Берілген гүлдерге көбелектерді жапсыру. **2-Топ:** **Дид ойын: «Аралар әлемі»** **Шарты:** Араларды бояу. Қызығушылықты ояту. **«Көбелектерді топқа бөл»**	жинайды. Оны аю жақсы көреді. Ол омартадағы балды жеуге тырысады. Аралар оны жолатпайды.(балалар ыз-ыз-ызыңдағанын келтіреді) **Кинезиологиялық жаттығу.** **Дид ойын: «Аралар қалай ұшады?»** **Көзге жаттығу:** Аралар сендермен ойнағысы келеді. Сендер олардың ызыңдап қалай ұшатынын байқап, көздеріңмен ілесіп отырыңдар. Аралар жоғары, төмен, оңға, солға ұшады. **Дид ойын: «Аралар әлемі»** **Шарты:** Қиынды суреттер арқылы араның бейнесін құрастыру. **Ой дамыту:** Егер жәндіктер жер бетінен мүлдем жойылып кетсе не болар еді? Олар жазда көп бола ма? Жәндіктер қайда қыстайды? Кейбіреулері құрт, қуыршаққа айналады. Кейбіреулері тасалау жерге тығылып, ұйқыға кетеді. Көктем шыққанда оянады.	**Сахналау.** **Дид ойын: «Әртістер»** **Шарты: Қасық театры ертегіні сомдау.** Балалар рөлдерге бөлініп,ертегіні қасық театры арқылы сахналайды. Тәрбиеші жүргізушу сөзін өзі айтады. Балалар,бүгін кімнің әңгімесін тыңдадық? Әңгіме қалай аталады? Олай болса біз атамызға рахмет айтып, осы әңгімедегі кейіпкерлерді сыйға тартсақ қалай болады. **Балаларды 3 топқа бөлу.** **Дид ойын: «Шебер қолдар»** 1-топ. құмырсқаны жапсырады 2- топ өрмекшіні мүсіндейді, 3- топ қарлығаштың суретін бояйды. Дайын жұмыстарын атаға сыйлайды. Атамен қоштасу. **Қортынды.** Балаларды мадаақтау. **Қазақ тілі.** **(жоспары бойынша)**

	Бір балаға жәндіктің суретін беріп, оны суреттетеді. Қалған балалар оның қай жәндік екенін табады. Балалар қызығушылықпен ойнайды. **Қорытынды.** Бүгін біз нелер жайлы айттық? Оларды біз сөзбен қалай атаймыз? Білетін жәндіктерді атаңдар? Балалардың жауаптары. Мадақтау.	Барлық жәндіктердің басты ерекшелігі неде? (Барлық жәндіктердің 6 аяғы бар.) **2- Тапсырма** **Ой қозғау.** **- Жыртқыш жәндіктерді атаңдар (инелік, шегіртке, ледибука)** Неліктен оларды жыртқыштар деп атайды? (Өйткені олар басқа жәндіктерді аулайды.) **- Пайдалы жәндіктерді ата.(көбелек, ара, құмырсқа).** - Ара, көбелек, құмырсқа қандай пайда әкеледі? Ара гүлдерді тозаңдандырады, бізге бал мен балауыз береді. Құмырсқалар орман арқылы көптеген өсімдіктердің тұқымын тасымалдайды. Көбелектер гүлдерді тозаңдандырады **- Зиянды жәндіктерді** ата. Шыбын микробтарды тасымалдайды, құрт өсімдік жапырақтарын жейді, маса адамның қанын сорады. **Қорытынды** - Сендерге саяхат ұнады ма?	**ойыны (кілемде).** Қараңдаршы, бізге қандай әдемі көбелектер ұшып келді. **1-топ:** көбелектерді ненің негізінде орналастырдың? Біз көбелектерді пішінге келтірдік. **2-топ:** сендер көбелектерді ненің негізінде орналастырдыңдар? Біз көбелектерді түстеріне қарай сұрыптадық. Тәрбиеші: Ал көбелектерді тағы қандай бөлуге болады? - Өлшеміне қарай. **3-топ:** Көбелектерді өлшеміне байланысты топтау. **Қорытынды** Сұрақ – жауап Қайда бардық? Нелер көрдік? Балаларды мадақтау - Саған қай ойын қатты ұнады? -Бүгін бәрің тамаша болдыңдар! .	**Дид ойын: «Араны гүлге қондыр** **Шарты:** Гүлге араларды жапсыру» **Ара** **Қадыр Мырза Әли** Қызғалдақтың қасына Қойып едім қондырмай, Бізін сұғып басыма, Шақты ара оңдырмай. **Балаларды бағалау.**	
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	**Серуен № 9** **Күннің көзін бақылау.**	**Картотека №16** Бұталарды бақылау.	**Картотека №18** Құстардың ұшып келуін бақылау	**Картотека №19** Қараторғайларды бақылау.	**Картотека №20** Ұяларды бақылау.
	Көктем серуен картотекасынан				

Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Күндізгі ұйқы	**Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	**№4** Майтабанның алдын алу. Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз Аяқ, қол мықты болып Май табаннан арыламыз. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.	**№ 5** Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық.	**№ 6** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.	**№7** Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.	**№10** Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
